

*С.Торайғыров атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана  
Кітапханаларды дамыту бөлімі*

*Сәбит Дөнентаевқа 130 жыл*

## *Сатиралық өлең шебері*

*(Әдістемелік ұсыныстар)*

*Құрастырушы: Қожанова А.*

*Павлодар, 2024*

## АЛҒЫС СӨЗ

*Биыл қазақ әдебиетінің даму тарихында аса бағалы мұра қалдырған жерлесіміз, көрнекті ақын, қоғам қайраткері, әрі жазушы, сатирик Сәбит Дөнентаевтың туғанына 130 жыл толды.*

*Әдістемелік ұсыныстарға: Өмірбаяны, «Сатиралық өлең шебері» (Сатира кешінің сценарийі); шығармалары, әдебиеттер тізімі, пайдалануға интернет-сілтемелер және өлеңдері.*

*Бұл әдістемелік ұсыныстар кітапхана мен мәдени – азарту мекемелеріне мұғалімдерге, студенттерге, ғылыми, бұқаралық – ақпарат қызметкерлеріне және өлкетану материалдарымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.*

### Кіріспе

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті біраз зерттелді десек те, оның әлі де толық зерттелмеген тұстары баршылық. Қазақ әдебиеті тарихының үлкен бір қоғамдық саяси ахуалды бастан кешірген тұсы - осы кезең. Абай айтқан «Қалың елім қазағым» деген ойдың алға шығып, Ахмет ұсынған «Елеулім болуды» көздеген тұсы болатын-ды.

Қазақ зиялылары жаңа бір арнаға бет бұрып, ірі саяси – әлеуметтік оқиғаларға араласып қана қоймай, көбі қазақ әдебиетінің барлық жанрларының біршама дамуына қызмет етті. Әдебиеттің осы бір даму кезеңінде уақыт сұранысына орай әрқилы көзқарастар қылаң беріп, жан- жақты ой ортаға салынды. Ақынның көбі ұлт мәселесін, елдікті, діл мен тіл, жер мен ел тағдырын жырлады, ғылым, оқу арқылы биіктерге көтерілуге болатынын айтып ағартушылық мақсатты өз шығармашылықтарына арқау етті. Ал енді заман өзгеріп қос төңкерістің қыспағынан шыққан тұста ол ойлардың көбі замана сұранысына сай болмай шығып келді. Міне, сондай ақынның бірі Сәбит Дөнентаев еді.

Әрине, Сәбит жайлы аз жазылған жоқ. Ол әдебиет тарихынан шығып та қалған жоқ. Бірақ оның өзіндік көзқарастары, өмірлік ұстанымдары, шығармашылық бағыт - бағдары өңі айналдырылып беріліп, тіпті, көптеген дүниесі назардан тыс қалып қойды. Ақын шығармашылығының кеңестік идеологияның ыңғайына келетіні белгілі. Тіпті ақын шығармашылығын осы күнге дейін бір ғана зерттеуінің ізденісіне арқау болғанын, ал негізіне мақалалар мен жиған оқулықтарда, әдебиет тарихында жалпылама сөз болып келгенін еске алсақ та жеткілікті. Өйткені Сәбит Дөнентаев шығармашылығы даулы дүние болатын. Ғасыр басындағы (XX ғасыр) зерттеуінде Сәбит ақындығына қатты көңіл бөлініп, М.Әуезов, С.Мұқанов сынды жазушылардың назарына ілінгенімен кейінен ақын шығармашылығына деген бір түрлі салқындық сезіледі. Жаттанды, бір бағыттағы кәдеуілгі мақтау ақын шығармашылығын тану болып табылмайтыны белгілі.

Сонау XX ғасыр 20-30 жылда қазақ зерттеушілер Сәбит Дөнентаев туралы қилы пікір айтып, өзіндік ой қорытқанда М.Әуезов Сәбитті көркем әдебиеттің көрнекті өкілдеріне балап, өлеңдері ойшылдыққа бейім деп таныса, Сәбит Мұқанов керісінше оны ұлтшыл ақын деп білді. Әрқайсы өзіндік пікірінде қалды.

Міне, осынау шығармашылығы сан түрлі пікірге арқау болған ақын туралы жазу бізге оңай түспегені белгілі. Осы кісінің шығармашылығы туралы өзіндік ой-пікірімізді білдіріп, бітіру жұмысын жазуға ниет еттік.

Жұмыстың өзектілігін әлі де болса шығармашылығы толыққанды зерттелмей келе жатқан ақынды жете тануға сәлде болса үлес қосу талабы оның ақындық болмысын ашуға, өзіндік ерекшелігін ашуға ұмтылған талпынысымызды танытады. Ал жаңашылдығы - ақын шығармашылығына бүгінгі көзқарас, байыптаулар тұрғысынан көз жіберу деп білеміз.

Кезінде ХХ ғасыр басындағы ақын - жазушыларды ұлтшыл-буржуазияшыл, діни-клерикальды, ағартушы — демократ деп бөліп, кейіннен ағартушы, ағартушы-демократтар деп бөлген едік. Бүгінгі әдеби көзқараста ғалым Дихан Қамзабекұлы ұстанған ХХ ғасыр басында негізгі ағартушылық болды деген пікірі біздің ойымызда жақын. Ал енді осы ағартушылық ағымда Сәбит Дөнентаевтың орны ерекше-ақ.

### *Сәбит Дөнентаев* (1894-1933)

Сәбит Дөнентаев 1894 жылы Семей облысының Кереку уезінің Ақсу болысында туған. Әкесі Дөнентай кедей еді. Руы Арғын ішінде Бәсентиін. 1907 жылы Маралды деген жердегі Жалемеддин деген татар медресесінде Нұралы деген молдадан төте жазу әдісімен оқып, білім алған. Осыдан кейін Павлодар қаласының жанындағы Қасым Қажы Ертісбаевтың медресесінде оқыды.

Сәбит Дөнентаевтың Семей кезеңінде еліміздегі алғашқы арнаулы оқу орындарының бірі – Семей мұғалімдер семинариясының маңызы айрықша. Сол кездегі бірден бір жалғыз жоғары оқу орны деңгейіндегі семинарияда Семей, Павлодар, Өскемен, Қарағанды, Ақмола өңірлерінен ғана емес, Жетісу аймағы мен көршілес Сібірдің Алтай, Тобыл жағынан да көптеген жастар келіп білім алған. Семинарияны Мұхтар Әуезовпен қатар Сәбит Дөнентаевтың атақты жерлестері Ж.Аймауытов, Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан сияқты ғұламалардың оқып бітіруі көп жайтты аңғартса керек. Оның үстіне Ж.Аймауытовпен тығыз қарым-қатынаста болып, жақын дос ретінде араласуы да осы семинарияда оқуына игі әсерін тигізетін шығар.

Мұғалімдер семинариясында оқып білім алған кезі Сәбит үшін сәтті де жемісті болды. Семинария шәкірттері Ж.Аймауытов, М.Әуезов Алаш үкіметінің астанасы болған Алаш қаласында (Семей қаласының қазіргі Жаңасемей бөлігі 1927 жылға дейін ресми түрде осылай аталған) «Абай» журналын 1918 жылы шығарды. Сол жылдары шыққан қазақ тіліндегі басқа басылымдармен салыстырғанда өресі биік болған журнал жұмысына семинарияда оқып жүрген С.Дөнентаев та белсене қатысты.

С.Дөнентаевтың Семейде болған осы 1917-1919 жылдар аралығындағы тағы бір елеулі кезеңі – «Алаш» партиясының үні болған «Сарыарқа» газетінің жұмысына қатысуы. Сәбит Дөнентаев осы газетке экспедитор (газетті жөнелтіп тұрушы) болып 5 айдай қызмет істейді. Оның ұлтшылдық сарындағы өлеңдері де («Адаспаспыз», «Сарыарқа анамызға») осы кездерде жазылған. 1919 жылдары тағы да Сәбит Дөнентаев Семейде болып Мұхтар Әуезовпен орыс тілі сабағын жеке оқиды.

1923 жылы «Қазақ тілі» газеті редакциясының және Семей губерниялық атқару комитетінің шақыруы бойынша Сәбит Дөнентаев Семейге келеді. «Қазақ тілі» газетіне қызметке кіреді. Осы мезгілден былай Сәбит Дөнентаев шығармашылығында ақын және публицист ретінде ең жемісті жаңа дәуір басталады.

Сол кезде республикалық басылымдармен иық тірескен бұл газет 1919 жылдан бері шығып тұрған. Алғашқы редакторы болып көрнекті алаш қайраткерлерінің бірі,

талантты журналист Мәннән Тұрғанбаев тағайындалып, 1921 жылға дейін істесе, кейін М.Әуезов газетке басшылық жасаған.

Сәбит Дөнентаевтың негізгі еңбек жолы өмірінің соңына дейін осы Семей қаласында өтеді. Семей қаласындағы облыстық газет қазіргі – «Семей таңы» газетіне қызметке тұрып, осында көптеген шығармалары жарық көрген. Соңынан үлкен поэма не болмаса роман, повесть қалдырмаған. Оның өз жанры бар. Ұсақ өлеңдер, мысал өлеңдер, сатиралық өлеңдер, содан соң баспасөзге араласқандықтан, газет қызметкері болғандықтан күнделікті өлкенің тынысына байланысты көптеген мақалалар жариялап, осы өңірдің келелі бір мәселелерін жан-жақты ашқан қаламгер.

Газеттің бұл кездегі жайы туралы ақынның жерлес досы С.Машақов былай дейді: «Сол кезегі «Қазақ тілі» газеті осы күнгі Семей, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының көлеміне тарайтын еді. Бұл айтылған жерлерде қазақ тілінде шығатын өзге газет жоқ еді. Сондықтан «Қазақ тіліне» күніне ондаған хат түсетін... Редакцияда ол кезде екі-үш адам қызмет істейтін. Оның бірі – хатшы, екіншісі – аудармашы немесе әдебиетші, үшіншісі – ауыл шаруашылық, ағарту бөлімінің бастығы. Сәбитке тиісті ауыл шаруашылығы, әдебиет, өлең, мәдениет және әйелдер тұрмысы болатын.»

«Қазақ тілі» газеті басқармасы мен Семей мұғалімдер семинариясы Алаш қаласы зиялыларының жиі бас қосатын орны болды. Сәбит Дөнентаев та осы алқалы жиындарға қатысып, көптеген игі бастамалардың куәсі болды. 1920 жылы Семей мұғалімдер семинариясының жанынан еліміз тарихындағы алғашқы драма театры – «Ес аймақ» қазақ драмалық тобы (қазіргі Абай атындағы Семей музыкалық-драма театры) құрылып, осында көптеген сауық кештері ұйымдастырылды. С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтің және басқа авторлардың алғашқы пьесалары осы сахнада қойылды.

Ақын, жазушы, журналист С.Дөнентаев Семейдің саяси, мәдени шараларына жай ғана куә болып қалмай, барлық шаруаларына белсене қатысты. 1925 жылы Алаш қаласында М.Әуезовтің тікелей араласуымен таза кеңестік жүйе сарынынан, жалаң ұрандардан аулақ болған, қазақ халқын көркейту, ұлттық негізде білім беру, мәдениетті дамытып көркейту, қазақ тілінің аясын кеңейту жолын ұстанған «Таң» журналы шықты. Журналдың белсенді авторларының бірі С.Дөнентаев та болғандығын оның басылым бетінде жарияланған шығармалары айқын дәлелдейді.

С.Дөнентаев газетте қызмет атқарып жүрген кездерінде Семейдегі Қазақстанды зерттеу қоғамы мен Қазақтың пролетариат жазушылары ұйымының бөлімшесіне мүше болып, олардың да күнделікті жұмысына белсене араласып отырады. Ақыры денсаулығы нашарлап, 1930 жылдың май айында туған еліне қайтады. Сол жылдың күзінде Бесқарағай ауданының орталығы Беген дейтін жерде мұғалім болады.

Талай ұлыларды дүниеге әкелген қасиетті Семей топырағымен есімі тығыз байланысты арыстарымыздың бірі – Сәбит Дөнентаев. Өзінің қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында ақындығымен танылып, белді журналист бола білген Сәбит мәңгілік тұрағын да Семей жерінен тапты. Меңдеп алған көкірек, безгек ауруларынан айыға алмай 1933 жылы 24 мамырда қайтыс болады. Семей қаласындағы Шығыс кентіне шыға берістегі мұсылман зиратына жерленеді.

Халқына адал қызмет еткен азаматтың атындағы көшеге ескерткіш, естелік тақта орнатылса болашақ ұрпақ тағзым етерлік еді.

### **Жазушы зерттеген Абай шығармалары**

Сәбит кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі. «Абайға» деген өлеңінде былай деп жазады:

*«Қараңғыда туып ең,  
Қара бетті жуып ең.  
Таба қылмай дұшпанға,  
Қолға ұстаған туымыз,  
Қанат-құйрық, бойымыз.  
Қонғанда да ұшқанда.  
Құрмет етіп затыңды,  
Бетке ұстаймыз атыңды...»*

Тұтастай алғанда бұл өлеңнен Сәбиттің Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын дұрыс бағдарлағанын кереміз. Сонымен бірге Сәбиттің Абайдан тікелей үйренгендігінің де айғағы, яғни бұл өлең Абайдың «Сегіз аяғының» үлгісінде, соның өлшемін, ұйқас түрін сақтап жазылғандығы даусыз. Тек бұл емес, «Атылғандарға», «Жүрекке», «Ескі болыстың тәубасы», «Темірге», «Ерікті Айша», «Кемшілікте», «Бір жыл етті» тәрізді және басқа да көптеген өлеңдерін Сәбит Абай поэзиясындағы әр алуан формаларды пайдалана отырып жазған. Мысалы, «Кемшілікте» деген өлеңінің ұйқасы мынадай:

*«Тағдырда жазған соң алла,  
Мен түстім мынадай халға...  
Етерлік жәрдемің бар ма,  
Жақындап, жанассаң нетер?  
Талай күн жүріп ек бірге,  
Талай бір кіріп ек түрге,  
Тұрғанда мен мұндай күйде,  
Қайырылып қарасаң нетер?..»*

Мұнда әр шумақтың алғашқы үш жолы қатарынан ұйқасып, сол шумақтардың соңғы, төртінші жолдары бірыңғай үйлеседі. Бұл - «Білімдіден шыққан сөз...» деп басталатын өлеңінің негізгі шумақтарында Абай қолданған ұйқастың үлгісі. Сәбит осындай ұйқасты 11 буынды қара өлеңге де пайдаланған («Балалық» т. б.). Абай бірсыпыра өлеңдерінде («Қансонарда бүркітші шығады аңға...», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым...» т. б.) белгілі бір ұйқас жүйесін өлеңнің ұзына бойына дерлік сақтап отырады. Осындай тәсілді «Ұлтшылға», «Қазақтарға қарап» атты өлеңдерінде Сәбит те бекем ұсынады. Сол сияқты, соңғы өлеңдегі дыбыс үндестігі айрықша күшті. Мұнда өлеңнің әр жолы ғана емес, әр сөзі бірыңғай дыбыстан басталады:

*«Қамалған қараңғыда қалың қазақ,  
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.  
Қарулап қуатсызды қуаттандыр,  
Құрдан-құр қампайтқанша қарын, қазақ.  
Қулардың құлқынына құм құйылсын,  
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.  
Қайтеді қайырылыссаң қарындасқа  
Қасармай қыңырайып қырын қарап...»*

Ақын «қазақ», «қараңғылық», «қу» тәрізді сөздерге айрықша назар аудару үшін осылай еткен тәрізді. Әрине, түр алуандығын, дыбыс үндестігін қуалап кетушілік те

жоқ емес. Сонымен бірге осы тәсілдің төркіні Абайдың «Самородный сары алтын» немесе «Жайнаған туың жығылмай...» деп келетін өлеңдерінде жатқандығы да күдік туғызбасқа керек. Сондай-ақ, ақынның өлең ырғағын, ұйқасын қиыстырып кұруда жаңалық табуға ұмтылған талаптары да болды. Мұны «Жүрекке», «Күздің сыры» тәрізді өлеңінен байқаймыз. Мысалы, соңғы өлеңде әр шумақ бес жолдан тұрады да, ұйқас түрлері мынадай болып келеді:

*«Ызыңдаған, шулаған, Қыбырлаған, дулаған.  
Таңнан іңір басқанша Минут тыныс қылмаған.  
Ұсақ жәндік жоғалып, Ыссы еткен табаннан.  
Тыныш кеткен адамнан, Сахара түр дем алып,  
Күйіне келіп таралған, Қызметін бөліп доғарып».*

Мұнда әр шумақтың үш жолы өзара ұйқасып келеді де, әрбір қос шумақтың соңғы жолдары үйлесім табады. Дөнентаев поэзиясының өзіндік бір ерекшелігі юморлық бағытына, сатиралық өткірлігіне байланысты. Ол революцияға дейінгі қазақ әдебиетінде Абай мен Сұлтанмахмұттан кейінгі ірі сатирик ақын болып табылады

### **«Сатиралық өлең шебері» атты сатира кешінің сценарийі**

#### **Жүргізуші:**

*Қайырлы күн құрметті қонақтар, әдебиет сүйер қауым! Бүгінгі қазақ әдебиетінің даму тарихында аса бағалы мұра қалдырған жерлесіміз, көрнекті ақын, әрі жазушы, сатирик Сабит Дөнентаевтың 130 жылдығына арналған «Сатиралық өлең шебері» атты сатира кешіне қош келдіңіздер!*

*Қазақ жазба әдебиетінде мысал жанрын қалыптастырып кеткендер Абай мен Ыбырай. Олардың дәстүрін жалғастырушылардың ХХ ғасырдың басындағы әдебиет өкілдерінің бірі жерлес ақын Сәбит Дөнентаев.*

*Кейіннен сатира жанрында қалам тербеген белгілі Оспанхан Әубәкіров, Үмбетбай Уайдин, Ғаббас Қабышев, Есенжол Домбаев және тағы басқа көптеген қазақ сатирасын дамытуға өз еңбектерін қосқан қаламгерлерді білеміз.*

*Павлодар - Ертіс өңірінен шыққан айрықша тұлғаланған талант иесі, қазақ әдебиетіндегі сықақ, әзіл-қалжыс, мысал жанрының дамуына айтарлықтай үлес қосқан - Сәбит Дөнентаевтай қаламгердің бар екені біз үшін мақтаныш деп білеміз. Сонымен қатар жерлес сатириктер Қадыр Тайшыков, Таңдай Кенеев, сықақ өлеңдер жазған балалар жазушысы Сүлеймен Баязитовты айтуға болады.*

*Бүгінгі сатиралық кешіміз жерлес ақын Сабит Дөнентаевқа деген құрмет белгісі. Дөнентаев өзінің дарын қуатын әр жанрға қалам тартып ұштады. Қай жанрда жазса да, бар игі мақсаты - халқына адал қызмет ету еді. Аз ғұмырын халқының тағдырын жырлауға арнады. Сондықтан, Сәбит Дөнентаев кейінгі ұрпақ есінде қазақ өлеңінің майталманы болып қалады.*

*Әдеби кештің құрметті қонақтарымен таныстырып өтейін:*

- *Елікбаев Серік Төлеубайұлы - Торайғыров университетінің профессоры, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық филиалының директоры, жазушы. ақын*
- *Жұматов Ғалымбек Сағымбайұлы - жазушы, сатирик, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі*
- *Хонж Алпысбай Әбділұлы - ақын-сатирик, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, С.Баязитов атындағы балалар оқу орталығының басшысы*
- *Арынов Залмұқан Арынұлы - Ақсу қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы*

- Қондыкорова Светлана Қабидоллақызы Облыстық Қазақ тілі қоғамының басқарма алқа мүшесі, "Ұлт тағдыры" қозғалысының үйлестірушісі
- Шаяхметов Қаршыға Қабыкенұлы Ақсу қаласының құрметті азаматы, "Ақсақалдар тағлымы" бірлестігінің мүшесі
- Гүлбану Өзкей «Ақ жол» газетінің редакторы
- Гулнар Көшербайқызы Елғолдинова Ақсу қаласының «Қазақ тілі» қоғамының хатшысы

**Жүргізуші:** «Сатира – өмірдің айнасы. Бірақ оның міндеті күлдіру емес, ойландыру» деп қазақ сатиригі Толымбек Әлімқұлов ағамыз айтқан екен. Сатираның түбі – парасат, ақыл-ой, пайым тауып сөз сөйлеу. Астарлап сөйлеу, ыммен түсіндіру, ойнап отырып ойындағысын жеткізу – қазаққа тән сөз өнері дейді.

**Құрметті Серік Төлеубайұлы!**

Сабит Дөнентаевтың өлеңдерінен сол уақытта жазған өлеңдерінен қазіргі заманның өзекті мәселелерін көтерген сатиралық өлеңдерін оқуға болады. Қазіргі жазушылардың арасынан Сабит Дөнентаевтың ізбасарлары бар ма?

**Алғашқы сөз кезегін Елікбаев Серік Төлеубайұлына беріледі.**

**Жүргізуші:** Ақын мысал өлеңдерінде жан-жануарларды мысал етіп алады да, солардың іс-әрекеті арқылы қоғамдағы ашкөздік, аярлық, жағымпаздық, қаскөйлік, жалқаулық, парақорлық сияқты жағымсыз қасиеттерді өткір сынға алып, халықты еңбекке, бірлікке шақырады.

Әрине, қоғамды сатирасыз, ал күйбең тіршілікті ойын-күлкісіз, әзілсіз көзге елестету әсте мүмкін емес. Қазақ – қалжыңға, әзіл сөзге құмар халық. Оны тек көре және жаза білу керек. Олай болса, белгілі жазушы Ғалымбек ағамыз «Антивирус» атты кітабында жазылған тек өзіне тән стильдегі әзілдер жинағымен танымал. **Ғалымбек аға** неге осы кітапты «Антивирус» деп атадыңыз?

**Сөз кезегін танымал жазушы Жұматов Ғалымбек Сағымбайұлына берсек.**

**Жүргізуші:** Сабит Дөнентаев – өзіндік ерекшелігі мол ақындардың бірі. Оның шығармалары терең мазмұнды, ойлы, көркемдік қырларымен ерекшеленеді. Ақынның көптеген туындыларында нақтылық сипат, тұжырымдылық басым. Ақын поэзиясының тілі таза, қарапайым және бейнелі де көркем. Ол өмір шындығын боямасыз қалпында, реалистік сарында суреттейді.

- Арынов Залмұқан Арынұлы - Ақсу қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасына сөз кезегін береміз
- Бірнеше жыл Дөнентаев ауылында әкім болған, 100 жылдық 120 жылдықтарын өткізгенде басы қасында жүрген ағамыз Шаяхметов Қаршыға Қабыкенұлы Ақсу қаласының құрметті азаматы, "Ақсақалдар тағлымы" бірлестігінің мүшесі

**Жүргізуші:** Иә, талай ұлыларды дүниеге әкелген қасиетті Семей топырағымен есімі тығыз байланысты арыстарымыздың бірі - Сабит Дөнентайұлы. Өзінің қамшының сабындай гана қысқа ғұмырында ақындығымен танылып, белді журналист бола білген Сабит мәңгілік тұрағын да Семей жерінен тапты.

Біздің жерлесіміздің өмірі мен шығармашылығына зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген ақынның жанашыр ұрпақтары бар екенін айтқым келеді.

- Қондыкорова Светлана Қабидоллақызы Облыстық Қазақ тілі қоғамының басқарма алқа мүшесі, "Ұлт тағдыры" қозғалысының үйлестірушісі

**Жүргізуші:** Қазіргі жастар арасында Сабит Дөнентаевтың ізін басып келе жатқан сатира жанрында қалам тербеп жүрген жастарымыздың аз болса да бар екені қуантады.

Көрнекті ақын-сатириктың ізбасары жас болса да біздің мақтан тұтар әріптесіміз сықақ өлеңдерімен танымал, балалар жазушысы Сүлеймен Баязитов атындағы балалар оқу орталығының басшысы Алпысбай Әбділұлы. Оның «Әріпті соттау» сатиралық кітабы көпшілік оқырманға таныс. Сатирик қағымпа қалжың, сыни сықақ арқылы қоғамдағы кейбір келеңсіздіктердің тамырын дөп басады. Әзіл айтса да, әділ айтатын автор күлдіре отырып, оқырманға ой салуға тырысады. Себебі, қалжың бар жерде- өмір бар!

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Көпен Әмірбек алғы сөзінде былай жазған екен: «Керекулік жас сықақшының аты-жөні де «Әліппеден» басталады. «А» дегенде- Алпысбай, «Ә» дегенде – Әбділұлы»

**Ендеше сөз кезегін авторға Алпысбай Әбділұлының өзіне берейік Сатиралық шығарма жазуға қалай келдіңіз?**

**Жүргізуші:** Сәбит Дөнентаев – осындай, дәуір шындығын кең қамтыған ары тазы, әлеумет қажетін дер кезінде көтере білген ақын. Қазақ әдебиетіндегі мысал өлеңдері ақынның стилин, өз тақырып, өз көркем бейнелерін қалдырды. Сондықтан да оның қоғамдық- әлеуметтік, тұрмыстық, адамгершілік тақырыптарға жазылған мысалдары қазақ әдебиетіндегі мысал өлеңдердің классикалық үлгісі болып қала береді. Біз Сәбит Дөнентаевты өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, ешкім қайталамайтын сатиралық стилін қалыптастырған ірі суреткер ақын деп білеміз.

### **Пайдалануға-сілтемелер**

1. [http://bilimdiler.kz/kazakh\\_tili/4534-donentaev-sabit.html](http://bilimdiler.kz/kazakh_tili/4534-donentaev-sabit.html)
2. [http://map.pavlodarlibrary.kz/index.php?option=com\\_content&view=article&id=62:2012-05-30-05-13-30&catid=6&Itemid=17&lang=kz](http://map.pavlodarlibrary.kz/index.php?option=com_content&view=article&id=62:2012-05-30-05-13-30&catid=6&Itemid=17&lang=kz)
3. <http://bilim-all.kz/tag/olen?tag=Сәбит%20Дөнентаев%20өлеңдері>
4. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Сәбит\\_Дөнентаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Сәбит_Дөнентаев)
5. <https://www.zharar.com/xfsearch/Сәбит+Дөнентаев+өлеңдері/>
6. <http://old.abai.kz/content/sebit-donentaevtyn-zhurnalistik-kyzmeti>
7. <https://wiki-linki.ru/Citates/106844>
8. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Донентаев,\\_Сабит](https://ru.wikipedia.org/wiki/Донентаев,_Сабит)
9. <http://bibliotekar.kz/biografii-kazahskih-pisatelei/sabit-donentaev-1894-1933.html>
10. <http://referat5top.ru/index.php/biografii/428-sabit-donentaev-biografiya>
11. <http://dic.academic.ru/dic.nsf/bse/85458/Донентаев>

### **Жазушының шығармалары**

Дөнентаев С. Бозторғай / С. Дөнентаев. – Алматы: Мектеп, 1989. – 144 б.

Дөнентаев С. Заман кімдікі: таңдамалы / С. Дөнентаев; құраст., жауапты ред. А. Ж. Құдабаев; бас ред. Е. Арын. – Павлодар: ЭКО, 2011. – 88 б. – (Кереку-Баян кітапханасы). – (Кереку-Баян өңірі ақын-жазушыларының антологиясы)

Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала, естеліктер / С. Дөнентаев; құраст баспаға әзірлеген С. С. Донентаева. – Алматы: Жазушы, 1989. – 304 б.



### *Энциклопедия кітаптарынан*

Дөнентаев С. «Ақын, журналист, азамат» [Электрондық қор] / С. Дөнентаев; құраст.: Е. Шипунова, У. Шинагулова; Ақсу қаласының Орталықтандырылған кітапханасы. – Ақсу, 2014. – 1 электрон. опт. диск (CD-ROM)

Дөнентаев С. // Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы / ҚР білім және ғылым министрлігі; М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты; «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы. – Алматы, 2005. – Т. 12. – 66 - 68 б.

Дөнентаев С. (1894-1933) // Балалар әдебиетінің хрестоматиясы / құраст.: М. Сармурзина, Ш. Ахметов. – Алматы, 1956. – 111 – 112 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // Балалар әдебиетінің хрестоматиясы / құраст.: М. Сармурзина, Ш. Ахметов. – Алматы, 1956. – 113 – 115 б.

Дөнентаев С. Балалық. Көзі тоймаған ит. Екі теке: [өлеңдер] / С. Дөнентаев // Білгеннің пайдасы: Қазақ ақын-жазушыларының балаларға арналған шығармалары. – Алматы, 2009. – 61 - 62 б.

Дөнентаев С. Екі теке // Балалар әдебиетінің хрестоматиясы / құраст. Бәшен Баймұратова. – Алматы, 1978. – 64 б.

Дөнентаев Сәбит // Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық / бас сарапшы Балтабай Әбдіғалиев. – Алматы, 2005. – 166 - 167 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // Қазақ әдебиеті: хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқу құралы / құраст.: Ә. Шәріпов, С. Қирабаев, Қ. Мырзағалиев. – 3-ші басылымы. – Алматы, 2002. – 479 - 493 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі) / М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты. – Алматы, 1993. – 381 – 386 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // Қазақ совет поэзиясының антологиясы. – Алматы, 1977. – Т. 1. – 128 – 138 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық / құраст.: С. Қалиев, К. Аюбай. – Алматы, 2008. – Т. 5. – 419 – 425 б.

Дөнентаев Сәбит // Қазақстан жазушылары: анықтамалық / құраст.: Саят Қамшыгер, Қайырниса Жұмашева. – Алматы, 2009. – 127 б.

Дөнентаев С. Қаулы. Сарыарқа анамызға. Адаспаспыз: [өлеңдер] // Алаш қозғалысы: Алаш қозғалысына, партиясына, Алашорда үкіметіне арналған өлеңдер / құрастырған, алғы сөзін және түсініктерін жазған Е. Е. Тілешов, С. Б. Жұмағұлов. – Алматы, 2017. – 76 - 80 б.

Дөнентаев С. Сарыарқа анамызға: [өлеңдер] // Алаш көсемсөзі: 10 томдық. – Алматы, 2011. – Т. 9. – 84 – 85 б.

Дөнентаев С. / С. Торайғыров атындағы Е. Бекмаханов атындағы «Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы». – Павлодар: ЭКО, 2003. – 128 б. – (Кереку-Баян кітапханасы; 21 кітап)

«С. Дөнентаев мұрасы: таным және тағылым» = «Наследие С. Дөнентаева: познание и традиции»: материалы республиканской научно-практической конференции: атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары / бас ред. Н. Р. Аршабеков; жауапты ред. Ә. С. Ілиясов; Павлодарский государственный педагогический институт. – Павлодар: ПГПИ, 2014. – 356 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті: хрестоматия / құраст.: Т. Әбдірахманов, Қ. Жармағамбетов. – Алматы, 1959. – 261 - 272 б.

Дөнентаев С. [өлеңдер] // XX ғасыр басындағы әдебиет: хрестоматия / құраст. К. Ергөбек. – Алматы, 1994. – 308 - 315 б.

Дөнентаев С. Ескірмейтін есті сөз // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 4 б.

Дөнентаев С. Балалық: (Өлең) / С. Дөнентаев // Сөз өнері. – 2022. - № 5. - 1 б.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті ұсынады: «Сәбит Дөнентаев: Бозторғай ақын» = Павлодарский государственный педагогический университет представляет: «Сабит Дөнентаев: Золотое перо казахской поэзии» [Электрондық қор]: отыз үшінші фильм. 33 / идея авторы, жобаның жетекшісі А. Нухұлы; продюсер Г. Иманғазы; ред. Қ. Мұхитов; сценарий: Н. Ахмаров, Н. Докторханқызы; мәтінін оқыған: Б. Кәкім, Н. Ахмаров; монтаж Қ. Арынов; мұқаба дизайны А. Батталова. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – 1 электрон. опт. диск (CD)

### ***Жазушы туралы мақалалар***

Абылқасымұлы С. Сәбит Дөнентаев: [арнау] / С. Абылқасымұлы; құрастырған Шолпан Оңғарова // Ғасырдың құрдас сырласы (Сұртай Абылқасымұлының әдеби мұрасы). – Алматы, 2013. – 217 - 218 б.

Аллаберген Қ. Елім деп еңірегендер: (Сәбит Дөнентаев): XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ ақын, жазушылары мен публицистерінің рухани мұралары / Қ. Аллаберген // Аллаберген Қырықбай Алаш көсемсөзінің жауһарлары. – Алматы, 2011. – 48 - 62 б.

Бұланбаева Б. Қ. Сәбит Дөнентайұлы / Б. Қ. Бұланбаева. – Павлодар: Типография Сытина, 2014. – 304 б.

Ергөбек Қ. Қазақ өлеңінің бозторғайы: (С. Дөнентайұлы) // Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Астана, 2003. – 27 - 47 б.

Исмаилов Е. Сабит Дөнентаев (1894-1933) / Е. Исмаилов // Дөнентаев С. Избранное. – Алма-Ата, 1958. - С. 5 - 8

Нұсқабайұлы Ж. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-2008 жылдар) / «Қазақ тілі» газеті: [осы газетте 1923-1933 жж. ақын, публицист Сәбит Дөнентаев қызмет атқарған] // Ж. Нұсқабайұлы, Қ. Аллаберген, Ф. Оразаев. – Алматы, 2018. – 138 - 141 б.

Нұрқатов А. Шығармалары [Абай дәстүрлерін, оның өлең өлшеулері мен үлгілерін лирикалық поэзия саласында мол қолданған ақындардың бірі – Сәбит Дөнентаев] // / А. Нұрқатов; құраст. С. Негимов. – Алматы, 2013. – Т. 3. - 71 - 76 б.

Оңғарова Ш. Ғасырдың құрдас сырласы. Дөнентаев С. [өлеңдер] // Сұртай Абылқасымұлының әдеби мұрасы / Ш. Оңғарова. – Алматы, 2013. – 217 - 218 б.

Ысқақов Б. Сәбит Дөнентаевтың ақындық жолы / Б. Ысқақов; жалпы редакциясың басқарған филология ғылымдарының докторы профессор Е. С. Ысмайылов. – Алматы: Мектеп, 1966. – 207 б.

### *Жазушы туралы әдебиеттер*

Алдабергенов Қ. М. Елім деп еңіреген ер: [ақын Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығы туралы] // Айдын. – 2004. – 9 желтоқсан (№ 4). – 19 б.

Әлімбаев М. Сәбит Дөнентай - сәруар ақын: [ақын, жазушы С. Дөнентаевтың туғанына - 110 жыл] / М. Әлімбаев // Айдын. – 2004. - № 4 (9 желтоқсан). – 16 – 17 б.

Батырова Б. Сәбит Дөнентаевтың «Бозторғайы» мен «Ой» өлеңдері: [сабақ жоспары] / Б. Батырова // Ұлағат. – 2014. - № 4. - 25 - 31 б.

Бәделханұлы А. Ақиқаттан алшақ кетпейік: (Иса Байзақов пен Сәбит Дөнентаевтың өлеңдері туралы кейбір пікірлерге жауап) / А. Бәделханұлы // Айдын. – 2004. - № 4. – 20 – 21 б.

Бәделханұлы А. Сәбит- сатирик, журналист: [ақын, жазушы Сәбит Дөнентаев туралы] / А. Бәделханұлы // Руханият. – 2005. - 18 ақпан. – 7 б.

Бықай Ф. Алыптардың серігі: (Сәбит Дөнентаевқа Ақсу қаласында ескерткіш- бюст орнатылды) / Ф. Бықай // Егемен Қазақстан. – 2012. – 9 қазан. - 12 б.

Дербисалин Б. Живое наследие // Советский Казахстан. – 1958. - № 10. – С. 113 - 115

Дөнентаева С. С. Қазақ әдебиетінің «Бозторғайы»: (Көректі ақын, сатирик, публицист, алаш қайраткері, жерлесіміз Сәбит Дөнентаевтың шығрамалары) / С. Дөнентаева // Naizatas. – 2020. - № 6. - 22 - 34 б.

Дөнентаев С. Көркемтай: (Мұра) / С. Дөнентаев // Найзатас. – 2014. - № 2. - 5 - 15 б.

Дөнентаев С. Заман кімдікі?: [өлең] // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 4 б.

Елікбаев С. Өрісі бөлек болғанмен, өзен бір: [«Сібірдегі қазақ рухани әлемі және Сібірдегі Сәкеннің іздері» деген тақырыпты фольклорлық және этнографиялық зерттеу ғылыми экспедиция Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушыларымен қатысуымен өтті] / С. Елікбаев // Егемен Қазақстан. – 2006. - 25 қаңтар. – 11 б.

«Ерекше дарын иесі» / әзірлеген М. Ж. Мушетова: (Сәбит Дөнентайұлының туғанына - 115 жыл) // Шаһар. – 2009. – 12 наурыз. – 12 б.

Жайықбаев Н. Алыптардың есімін асқақтатқан Ақсу!: [Ақсу қаласында Иманжүсіп Құтпанұлы атындағы спорт сарайы және Сәбит Дөнентаевтың ескерткіші ашылды] / Н. Жайықбаев // Сарыарқа самалы. – 2012. – 27 қыркүйек. - 1 - 2 б.

Жайықбаев Н. Сәбит мұрасы - сарқылмас байлық: (Алаштың күрескер ақыны Сәбит Дөнентаевтың туғанына - 120 жыл) / Н. Жайықбаев // Сарыарқа самалы. – 2014. - 26 сәуір. - 2 б.

Жаманқұлұлы Р. Сәбит Дөнентайұлы қандай ақын? / Р. Жаманқұлұлы; дайын А. Бәделхан // Сарыарқа самалы. – 2009. – 9 мамыр. – 7 б.

Жангазинова С. Ерекше дарын иесі: (Көректі ақын, сатирик, публицист, алаш қайраткері, жерлесіміз Сәбит Дөнентаевтың туғанына 125 жыл) / С. Жангазинова // Sarуarqa Samaly. – 2019. - 23 мамыр. - 6 б.

Жиырманасыншы ғасыр басындағы әдебиет: жоғарғы оқу орындары арналған хрестоматиялық оқу құралы / құраст. Қ. Ергөбек. – Алматы: Білім, 1994. – 352 б.

Жүнісқали Ш. «Ардагерлер-ардақты ерлер»: (Сәбит Дөнентаев атындағы мәдениет сарайында «Ардагерлер-ардақты ерлер» атты фотокөрменің салтанатты ашылуы өтті) / Ш. Жүнісқали // Сарыарқа самалы. – 2017. - 19 қазан. - 2 б.

Жүнісқали Ш. Мұражай ашылды: (Күркөл ауылындағы Сәбит Дөнентаев орта мектебінде мұражай ашылды) / Ш. Жүнісқали // Сарыарқа самалы. – 2017. - 2 наурыз. - 5 б.

Жұмағұл С. Сәбит Дөнентайұлы және Алаш ұранды әдебиет / С. Жұмағұл // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 13 - 26 желтоқсан (№ 51). - 9 б.

Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті: 10-класқа арналған оқулық / Қ. Жұмалиев, С. Қирабаев. – Алматы: Рауан, 1992. – 204 б.

Кәткенова Ж. Өңірден шыққан тұңғыш журналист: [Сәбит Дөнентаев туралы] / Ж. Кәткенова // Сарыарқа самалы. – 2008. – 28 маусым. – 5 б.

Қабылденова Қ. Ақын құрметіне ескерткіш ашылды: [Ақсу қаласында қазақ ақыны, журналист, сықақшы, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаевтың ескерткіші ашылды] / Қ. Қабылденова // Регион.kz. – 2012. – 28 қыркүйек. - 2 б.

Қазақ әдебиетінің қайнар көзі: (Сәбит Дөнентаевтың туғанына - 120 жыл) // Сарыарқа самалы. – 2014. - 12 тамыз. - 6 б.

Қайыров Е. Есімі ұмытылмақ емес: [Сәбит Дөнентаевтың туғанына - 115 жыл] // Сарыарқа самалы. – 2009. – 9 мамыр. – 7 б.

Қырықбай А. С. Дөнентаевтың қаламгерлік қырлары: (Көректі ақын, сатирик, публицист, алаш қайраткері, жерлесіміз Сәбит Дөнентаев туралы) / А. Қырықбай // Naizatas. – 2019. - № 2 (45). - 46 - 63 б.

Молдайып С. Барлықтан емес, нарлықтан: (Ақын, публицист Сәбит Дөнентаев жайлы) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 13 қараша. - 8, 17 б.

Молдайып С. Дархан даланың дарыны: [Жерлесіміз Сәбит Дөнентаевтың 125 жылдық мерейтойы ақынның атамекен-туған жер Ақсу қаласына қарасты Күркөл ауылында кеңінен аталып өтті] / С. Молдайып // SARYARQA SAMALY. – 2019. - 6 тамыз. - 6 б.

Молдайып С. Көркем сөз иесі көлеңкеде қалмасын: (Журналист, жерлесіміз, Алты Алаштың арда ақыны Сәбит Дөнентаев жайлы) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 24 сәуір. - 6 - 7 б.

Молдайып С. Қалпына келтірілді: (Сәбит Дөнентаев жайлы) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 6 б.

Молдайып С. Олар қай жылы туған? / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 7 б.

Молдайып С. Олардың ізі қалған: (Алаш зиялылары жайлы) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 9 б.

Молдайып С. Өрге жүзгендер: (Ақсу қалалық Сәбит Дөнентаев атындағы мәдениет сарайында өткен жылдың аяғында қазақ халық аспаптар оркестрі құрылған болатын) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2016. - 4 маусым. - 9 б.

Молдайып С. Ұмытпақ емес ел сені!: (Сәбит Дөнентаевтың туғанына 120 жыл) / С. Молдайып // Сарыарқа самалы. – 2014. - 4 желтоқсан. - 4 - 5 б.

Молдайып С. «Ұрпағыма айтарым»: (Жуырда С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада ақын, сатирик, публицист, журналист, қоғам қайраткері Сәбит Дөнентаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Ұрпағыма айтарым» атты әдеби кеш өтті) / С. Молдайып // Saryarqa Samaly. – 2019. - 30 мамыр. - 18 б.

Мушетова М. Ерекше дарын иесі: [жаңа дәуір әдебиетінде өзіндік орны бар тұлға Сәбит Дөнентаев жайлы] / М. Мушетова // Сарыарқа самалы. – 2009. – 3 ақпан. – 4 б.

Сағындықұлы Б. Тұлға және таным: (Сәбит Дөнентаевтың туғанына 120 жыл) / Б. Сағындықұлы // Сарыарқа самалы. – 2014. - 4 желтоқсан. - 4 - 5 б.

Сайдалин М. Білім нәрі-кітапта / М. Сайдалин // Қазақ және әлем әдебиеті. – 2016. - № 6. - 22 - 24 б.

Салғараұлы Қ. Ұлтты сүю, ұлтшыл болу – қасиет / жобаны үйлестіруші Сая Молдайып; беттеген Николай Ступников // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 11 б.

Сариев Ш. Сәбит Дөнентаевтың лирикалары / Ш. Сариев // Қазақ әдебиеті. – 2014. - 25 сәуір - 1 мамыр (№ 17). - 9 б.

Сәбит Дөнентаев туралы құнды деректер табылды: (Семей қаласынан ақын жайында тың деректер табылды) // Қазақ әдебиеті. – 2014. - 22 - 28 тамыз (№ 32). - 2 б.

Слямқанқызы М. Сәбиттің қос жыры: [«Заман кімдікі» және «Бозторғай» б-сынып] / М. Слямқанқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2014. - № 5. - 87 - 90 б.

Смағұл Қ. Ақынның рухы тірі өлеңімен: (С. Дөнентаевтың туғанына 100 жыл толуына арналады) / Қ. Смағұл // Смағұл Қ. Тағдырлар. – Павлодар, 2000. – 175 - 176 б.

Сүйіншәлиев Х. Дарқан дарын: [әдеби зерттеу] / Х. Сүйіншәлиев // Сүйіншәлиев Х. Саңлақтар сарабы. – Алматы, 1978. – 155 - 170 б.

Тауқызы С. Тың деректер табылды: (Журналист, жерлесіміз, Алты Алаштың арда ақыны Сәбит Дөнентаев жайлы) / С. Тауқызы // Сарыарқа самалы. – 2014. - 16 қыркүйек. - 9 б.

Тоғжанұлы Ғ. Жолдастық хат: (Сәбит, Бейімбет, Ілияс жолдастарға) / Ғ. Тоғжанұлы // Жұлдыз. – 2007. – № 8. - 198 – 203 б.

Тойынбаева Ш. Алаш туын көтеріп, азаттыққа жол ашқан: [Алаш ардақтылары жайлы] / Ш. Тойынбаева // Ана тілі. – 2009. – 18 желтоқсан. – 27 б.

Тулетаева К. С. Дөнентаев. «Көркемтай» / К. Тулетаева // Әдіскер - Методист. – 2008. – № 4. – 11 б.

Хибадуллина А. Сәбит Дөнентаевтың журналистік қызметі: [ақын Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығы туралы] / А. Хибадуллина // Ақиқат. – 2010. – № 9. - 120 – 123 б.

Шақаман Ы. Игі істердің ортасында: [Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында «Сәбит Дөнентаев мұрасы: таным мен тағылым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді] / Ы. Шақаман // Егемен Қазақстан. – 2014. - 11 желтоқсан. - 9 б.

## Сәбит Дөнентаевтың өлеңдері

## Ерегіс

Бір қайғы кеп жүректі,  
Әлдеқайдан ілекті,  
Езіп, жаншып жарасын,  
Талқан қыпты, ірепті.  
Бұрынғыдай ақ, адал  
Болмай жүрек ретті,  
Ашу қысып, қабартып,  
Алқымыңнан тірепті.  
Бұл жаласын жабуға,  
Достан кінә табуға,  
Сөйтіп тегін алуға,  
Жүрек бетін түзепті.  
Қысты жүрек басты кеп:  
«Сенің ісің асты» деп,  
«Мені қылдың осындай,  
Миың қайда қапты?» деп.  
«Түзу көрмей оң естіп,  
Неден қара басты?» деп.  
«Тілің сенің тілмәрсіп,  
Жұртқа сырым шашты» деп.  
Қолды да істен шығарды,  
«Арамға есік ашты» деп.  
Аяқты әбден жерлепті,  
«Зарарыма басты» деп.  
Жер қалдырмай сөкпеген,  
Бір кінәлі етпеген,  
Құсық қоймай төкпеген,  
Ақ көбігін шашты кеп.  
Бәрін көрген көз айғақ,  
Ұзамады тез айғақ.  
Тоқтатты да жүректі,  
Бастады өзі сөз айғақ.  
Жас тамылап зарлады:  
«Тыңда сезім, құдайға ақ  
Иең берді әуелді,  
Жүрек, саған ақ соқпақ.  
Сол соқпақтанм адасқан  
Бізден бұрын сен ақымақ.  
Бәріміз де саған құл,  
Салдың өзің айтақтап.  
Шу басында қарайып,  
Болып тұрсың енді аппақ.  
Алып қолға кезіңді,

Сонан соң айт сөзіңді,  
Өлшеп әбден өзіңді,  
Мырза, жүрек, айтсаң хақ...

### *Балалықты сағыну*

Уай, заманым, балалық,  
Әр ісің бір бадалық,  
Алды-артыма қарасам,  
Кетіп қапсың тазарып.  
Өзің түгіл ісің жоқ,  
Қарасам да қадалып.  
Сен бір шала көрген түс,  
Отыр сорлың қамалып.  
Кет деп сені кім айтты,  
Қалмай жұрғын таралып?  
Неден көңілің қалды екен,  
Рақым етпей, сазарып?  
Сағынам да, жоқтаймын,  
Келмес пе деп оралып.  
Сонда-дағы хабар жоқ,  
Сенен деген бір қаріп.  
Ешнәрсеге қақтықпай,  
Сұм жүрегім бір минут  
Тұрар ма екен азарып?!  
Хан, қараны тең көрген,  
Асық, топай өңгерген,  
Анау-мынау ойда жоқ,  
Жан біткенді ел көрген;  
Десе біреу қарағам,  
Гүл-гүл жайнап өңі енген,  
Қайда қалды тал атың,  
Күл, топырақтап жем берген.  
Қоразданып, қамшылап,  
Өзің дауыстап дем берген.  
Оза қалсаң жарысып,  
Пәлен ат деп шен берген,  
Соны да тастап кеттің бе,  
Жаныңменен тең көрген?  
Шын құрдастан айрылдығың,  
Құшақтасқан, сөз берген,  
Ойдан-қырға шапсам да,  
Қанша абырой, бақ тапсам да,  
Мыңнан бірін көрмедім  
Мерекенің сен көрген!

## *Жәмила қыз*

*Қатыны өліп Бекіштің,  
Қызы бар деп Төкіштің  
Іздеп келді алыстан.  
Бұрыннан де емес жат,  
Құдандалы қат-қабат,  
Талай сүйек алысқан.  
Жасы қырық-отыз арасы,  
Бар жиырма-отыз қарасы.  
«Қыз бермеймін кәрі» деп,  
«Қатыны өлген әрі» деп,  
Беттетпеді Төкіш бай,  
Қыз құша алмай қойнына,  
Су сорғалап мойнына,  
Үйге қайтты Бекіш жай,  
«Жүзге малы толмаған,  
Жексұрын зой оңбаған».  
Сақалының ағы бар,  
Маңдайының бағы бар,  
Берден дейтін шал келді,  
Оның аты Берден зой,  
Құдай оған берген зой,  
Жәмидлаға дәл келді.  
О да қатын іздеп жүр,  
Ынта көңлі қыз деп жүр.  
«Болса алыңыз қыз керек,  
Маған жалғыз Сіз керек», -  
Деп Төкіш бай жалпылдап,  
Алпыстағы жасына,  
Боз қыраулы басына  
Қарамастан қарқылдап,  
Уағда қылды, қол соқты,  
Әлдекімді сор соқты.  
Жәмиласы зарлап жүр,  
Көзден жасы парлап жүр,  
Кім тиді екен сорлыға?  
Жақтырмаған апасы,  
«Түк білмейсің, шатасын!»  
Деп әкесі болды ма?  
Шайтан алсын, шал алсын  
Төкең байғұс мал алсын.*

## *Әр жан әр түрлі*

*Талай кәрі жорға жүр,  
Ақаулы боп зорға жүр.  
Іліне алмай жарысқа,  
Кейбір жүйрік орда жүр.*



Кейбір сұңқар тауда жүр,  
Томағасы жауда жүр.  
Дұшпандарды аңдыған,  
Тұзақ құрып ауда жүр.  
Кей тырналар көкте жүр,  
Қиқу салып текке жүр.  
Қара қарға қарқылдап,  
Өлексені жеп те жүр.  
Құрық сорып борсық жүр,  
Түлкі мырза жортып жүр.  
«Құдай аман сақта» деп,  
Қой мен тауық қорқып жүр.  
Тышқан аңдып мысық жүр,  
Алдап көзін қызып жүр.  
Ін таба лмай саршұнақ,  
Сорлы сасып, пысып жүр.  
Кей мырзалар серпіп жүр,  
Қарны шығып шертіп жүр.  
«Сен солайсың» дегенге,  
Тырс-тырс етіп дертіп жүр.

### **Жастықта**

Уа, дүние, жас уақытта ойнап-күлсек,  
Біраз күн көріп қызық, дәурен сүрсек.  
Көзіне әркімдердің түсер едік,  
Қылтиып тәуір киіп, жақсы ат мінсек.  
Ойын, той болса қайда сонда кірсек,  
Шешенсіп көрінгенді кекеп ілсек.  
«Сауықшыл, көңіл ашар» болдық жігіт,  
Домбыра, бір-екі ауыз өлең білсек.  
«Қырындап қызды ауылды» дегендейін,  
Зор атақ - шашбаулыға жақын жүрсек.  
Қақырам болғым келіп маңғаз жігіт,  
Шалқаңдап екі қолды кезек сілтеп.  
Осындай етсек деген көп армандар,  
Өмірдің дажалы екен ойлап білсек.  
Еншалла, екі жиһан болмаспыз қор,  
Соңынан ғылым, білім зыр жүгірсек.  
Әрине, соңғысына жұмсар едік,  
Жауһардың жастық деген қадірін білсек.

### **Талап**

Әр дәулет саған даяр етсең талап,  
Бақ келмес іздеп сені, жатсаң қарап.  
«Нұр жауар талаптыға» деген қаттар,  
«Жүргенде жөрем ...» бар ғой бұрыннан-ақ!  
«Жалғызбын, жаралымын» деп қорғалмай,

Сал құлаш бір өзіңді жүзге балап,  
Әрбірі талаппенен тауып жатыр,  
Дүниеде неше өнерлі көрсең санап.  
Өзіңде етіп еңбек тапқан мал жоқ,  
Қалайша күн көресің ұрттап, жалап?  
«Зат болмас сатып алмай ...» дегендейін,  
Қиын зой жұрт болуың қолға ықарап.  
Бұлайша кетіп кейін тұрғаныңа,  
Дос күліп, дұшпандарың жүр табалап.  
Көз салып осыларға ойланатын,  
Біздерде жігер, намыс бар ма, қазақ?

### **Жаз**

Жаз келіп жайды құлаш халайыққа,  
Өлшейік зибрат көзбен қарайық та.  
Жадырап жазылды жан қысылғаннан,  
Дәулетке хақтың берген қанайық та  
Бәрі әзір, бәрі тегін трлі неғымет,  
Мұны бір ұжымақ деп санайық та...  
Қаз қаңқыл, үйрекм сымпыл, аққу сыңқыл,  
Еткенге құлақ түріп салайық та.  
Құс, құрттар білген әнін жырламақ та,  
Тым-тырыс біз де үндемей қалайық па?  
Жер жайып, түрлі кілем той қылмақшы,  
Кел, қазақ, тойға таман барайық та...  
Кеңіген, бейілденген мезгілінде,  
Тосаңсып жатырқауың ылайық па?..

### **Менің жайым**

Кез келіп арыстанның арбауына,  
Тап болдым қу түлкінің алдауына.  
Бірі ойнап, бірі шындап итермелеп,  
Тақсырды жердің биік жарлауына.  
Бірі айдап, бірі тартып түсіргенде,  
Болар ма менің сынып қалмауыма?  
Кетуге су түбіне тұрмын таяу,  
Қолымның қай тал жақын қармауына?  
Деп ойлап, құлаш жайып, жүрмін сасып,  
Уақыт жоқ, мықты осал деп таңдауыма.  
Тұншығып, әлім бітті, есім шықты,  
Бұрқылдақ, жердің кез боп наңдауына.  
От салып біреуі әкеп, бірі үрлеп тұр,  
Кім менің су құмақшы жанбауыма.  
Кімнің дос, кімнің дұшпан екендігін  
Менде жоқ тырнақтай ес аңдауыма.  
Соқырдай жетекшіден мықтап ұстап,  
Лаж жоқ, бір ерген соң бармауыма.

Түсіріп қараңғыда қыныр жолға,  
Қаңғыртып қалма, басшым, қарғауыма.  
Жәрдем қып жақын жерден қайтармасаң,  
Қуат жоқ ұзақ жолға талмауыма.  
Саңырау, өзім соқыр, болсам ақсақ,  
Кім көнер ертеңді-кеш зарлауыма?  
Қорқамын дертім ұзап кете ме деп,  
Бақсының душар болып паңдауына.  
Қалайша берсең мағына ерік өзіңде,  
Жаздым да бердім, құрбым, таңдауына!

### **Көңіл мен тіл**

Көңіл мен тіл  
Тіл - көңілдің тілмашы,  
Көңілдің жоқ сырласы.  
Тілмашыңды оң жұмсап,  
Теріске, көңілім, бұрмашы.  
Айтқанын қып қожаныңның,  
Тілім қарап тұрмашы!  
Аңғырттанып беталды,  
Масқара мені қылмашы,  
Тым құқтыртпай тия ұста,  
Тілмашыңды, мырзасы.

### **Досыма жазғаным**

Хат жазамын шын көңіліммен досыма,  
Жүрегіммен сағынамын қосыла.  
Қол жазған соң, тіл айтқан соң аласыз,  
Кетті жүрек еріп, жөңкіп жосыла.  
Екі жылдай жолдас болған сырласым,  
Айрылғандық біздің ішті тырнасын.  
Өтіп кеткен екі жылға қайырыла

Құп білемін екі өмірдің тұрмасын.  
Айырылғанын көрсем-дағы дененің,  
Жүрегіміз мәңгі айырылмас, сенемін.  
Біле алмаймын  
Сізге ұнарын, яки жоқ,  
Бір мұңым бар айтайын деп келемін:

Босқа өтіп тұр минут, сағат, күніміз,  
Күндер түгіл, жұма айымыз, жылымыз.  
Тұздығы ащы, жері жақын, жемісі аз,  
Жолда қалды жол таба алмай ініңіз.  
Ойға алғанның бәрі түгіл, бірі жоқ,  
Керек білем жәрдеміңіз, пұлыңыз.  
Аяғында жармаспасақ үмітке,

Қаниша айтқанмен біз - тағдырдың құлымыз.  
Бұл әншейін досқа жазған сырымыз,  
Деген емес «бұған айла қылыңыз».  
Қол сермеген жемісіңіз тап болып,  
Ұзақ өмір, қош сәлемет тұрыңыз.

### **Қайтып қарғыс алмайсың?**

Жігіт-ақсың, маңдайсың,  
Келбеттісің, қандайсың!  
Ағайынға айбатты,  
Биік-ақсың, дардайсың.  
Бетіңе адам келтіріп,  
Алдыңа жан салмайсың.  
Елі төмен болғанды,  
Елтифатқа алмайсың.  
Ант ауғандай күн болса,  
Амалдайсың, алдайсың.  
Басшы қылып бағынса,  
Түгіменен жалмайсың.  
Таудай болсын өз мінің,  
Оған көзің салмайсың.  
Қылдан тайған сорлының  
Қыр соңынан қалмайсың.  
Мысқыл менен өсекке,  
Шаршамайсың, талмайсың,  
Кісі айыбын терумен  
Ашуға жүз жанбайсың.  
Айтқышсынып тұрасын,  
Жасырмайсың, танбайсың,  
Жат мінезің, жай сөзің -  
«А, құдайшыл» жандайсың.  
Іске кірсең арамды  
Қосақтайсың-парлайсың.  
Жақсылықтың жағына  
Жалғыз қадам салмайсың.  
Жамандықтың жанынан -  
Жарты ширек қалмайсың.  
Өзің шыққан ұлтыңнан,  
Басшы қылған жұртыңнан,  
Бұл мінез, бұл құлқыңнан  
Қайтып қарғыс алмайсың?!

### **Қиялым**

Таза жүн, түсі әдемі бір құс болсам,  
Бұтаққа көңілім сүйген ұшып-қонсам,  
Зарымды жұртқа айтарлық сайрағыш боп,  
Уа, дүние, шығып мұңым, көрсем шолпан!

*Бойда күш, жанжа қанат болған күнде,  
Кім тұрсын құмдық, таулық, жерде сортаң!  
Жүзсем - көл, қонсам - орман, ұшсам - дала,  
Не қажет маған байлық, патша, сұлтан.  
Шығар күн болмаған соң, атарлық таң.  
Бос оймен бірде ойлай боп, бірде бұлай,  
Өзімше құмақшымын бір түрлі заң.  
Қиялым, лаға бермей, айнал бері,  
Құлдарша өнімсізге етпей қортаң.  
Еңбек ет, боларға ұмтыл, шыңға баста,  
Әлімше сонда артыңнан мен де жортам.*

### **Шілде**

*Жазбен жалғакс шілде келді,  
Деп ұқпаңдар мүлде келді,  
Қонысыңды қуантам деп,  
Шақырайған түрде келді.  
Маса, сона, бүгелектер  
Ұрандасып бірге келді.  
Бәріне де ерулік бар,  
Кім шеттетер іргелі елді.  
«Рас-ау» деп басын изеп,  
Боз шолақтар тілге келді.  
Сылдыр бақай, тақыр танау,  
Сәске болмай үйге келді.  
Қой пысқырып шөлдеп, шулап,  
Ұзын мойнақ көлге келді.  
Құдық басы төрт түлікпен  
Шаңқай түсте үймеленді.  
Қымыз жылып, жүректі алып,  
Сусын қанбай күйзеу енді.  
Бір бұлт шығып, жауса жаңбыр,  
Шаң басылды, құдай берді.*

### **Өз-өзіме**

*Аз білімін шығара алмай майданға,  
Көп білімді жинап ашмай қайранда.  
Білмек түгіл білгенінен айырылып,  
Қалды жүрек опыр-топыр ойранда.  
Қырқылғыр тіл қыртқаныңнан пайда кем,  
Бітіп қуат, бақ маңдайдан тайғанда .  
Шайнау болсаң, өгей әкең жақтырмас,  
Қой белдікті, жорғала да маймаңда.  
Мезгіл-мезгіл айып жүрек тартасың,  
Қайтарусыз, ежелгі ескі тайраңға.  
Кімнің алған мәңгілікке шені бар,  
Азулы боп, атақтарын жайғанда?*

Қолың жетпей, өскір өмір құр бекер,  
Ен далада еркін өскен сайранға.  
Көздің жасын көретін жан болмай тұр,  
Еткен зарың, түкке тұрмай айлаң да.  
Тыры еткенің сатулы боп заман тұр,  
Кедейден іс қарас болмай байдан да.  
Қолды сыбан, іске кіріс алла деп,  
Өзіңді өзің жырмен аулап жайланба!

### *Жүрекке*

Жалқау жүрек,  
Тіле тілек,  
Тартынба!  
Тән өлгенде,  
Жұрт көмгенде,  
Не қалмақшы артыңда?  
Шын жыласаң,  
Мың сұрасаң,  
Жетерсің бір мақсатқа.  
Харекет қыл,  
Шамаңды бішл,  
Салып қабақ, ұртыңды.  
Қайда барсаң,  
Ойыңа алсаң,  
Қор болмассың, жұртыңды.  
Тым қарайма,  
Жолдан тайма,  
Ел мұнда.  
Кетпей алысқа,  
Түс жарысқа,  
Кел мұнда!  
«Анау пәлен,  
Мынау түген», -  
Бірін бастап,  
Бірін тастап,  
Ұлт ісімен ойнама!  
Бар түрлі іс,  
Істеуші күш,  
Жетпес әлің зорына.  
Байқап кіріс,  
Бар-дағы түс,  
Оңайырақ жолына.  
Жол көп екен  
Қол жоқ екен,  
«Мен құдайы» деп жүрмек.  
Онанда бос,  
Мұнанда бос,

«Мен құдайы деп жүрмек».  
Ол олай деп,  
Бұл қалай деп  
Алла ісіне шек қылма!  
Екпей бидай,  
«Бер деп құдай!»  
Тентектікті көп қылма!  
Айтқанды ұқсаң,  
Жолға шықсаң,  
Өзің бірге өл,  
Тар болмас көр,  
Ұжданыңнан айырылма!

#### **Ақыл**

Мен сені жандай көрдім, ақыл,  
Сонан соң іздей, сұрай бердім ақыр.  
«Менде бар, менде бар» деп әр біреулер,  
Жан біткен саған толық болып жатыр.  
Бәрінде жалпақ жұрттың бірдеймісің,  
Шыныңды айт, қайда жүрсің, өзің батыр?  
Былайша ақыл маған берді жауап:  
- Белгілі тұрағым жоқ бір жерде тап.  
Кім жақсы тәрбие етсе мен соныкі.  
Аз және көп болуым соған қарап ...  
Не мұның тәрбиесі, не дейді ақыл?  
Ол жерін, оқушылар, өздерің тап.

#### **Көркем қызға**

Нұрлы жүз, көркем мінез қарындасқа,  
Арнап сөл лайық емес жазылмасқа.  
Қыз бала елдің көркі, жұрт зейнеті  
Болғанда елтифатқа алынбас па?  
Бұл күнде түрленсең де тоты құстай,  
Шырағым, сипатыңнан халің басқа.  
Иісті май жағындың, гүл сабындадың,  
Түзеліп бейне қордай қабылдадың.  
Сызылып, бұраң басып, асыл киіп,  
Алыстан жұрт көзіне сағымдандың.  
Күмістен таққан шолпың сылдырлаған,  
Пайыдан камзол, шапан судырлаған.  
Сипатың жүрісіңе, киіміңе,  
Көз талып қарай - қарай бұлдырлаған.  
Уақытша сен бір гүлсің тұрған таза,  
Семерсің бір-ақ күні жете қаза.  
Жұмысқа әсіре қызыл әуес болып,  
Өмірге қалып жүрме қор боп наза.  
Оқымай үлгі көрмей қалсаң жаста,

*Сол үшін бой түзейсің, ойдан басқа.  
Жақсылық киім мен мал, көрікте деп,  
Өлшемей ой мен сырды жаза баспа!  
Өзің де сырт түзеген болсаң бітеу,  
Жүре бер көңілің сүйген бұлғақ басқа.*

### **Балалық**

*Алдау үшін көз жұмғанды «өлді» деп,  
Уансын деп ұсынғанды «берді» деп.  
Көңлін жыртпай шұлғызғанды «сенді» деп,  
Нені көрсе соған ерген балалық.  
Ыстық ұрттап ауызы күйген «салқын» деп,  
Иегіне шұлғау орап шәрпім деп,  
Жылтыраса санын соғып «алтын» деп,  
Сыртқы көзбен баға берген балалық.  
Шығын демей қирағанды, күйгенді,  
«Тек отыр» деп дұшпан көріп тигенді,  
«Құбыжық» деп бөркін теріс кигенді,  
Жығылғанын жұрттан көрген балалық!  
«Ел қыдыртам, мінгіземін тайға» деп,  
«Қаймақ пенен тойғызамын майға» деп,  
Алдағанның бірін ұқпай айла деп,  
Қолдағысын бәрін берген балалық.  
Заман өтіп бара жатыр желдетіп,  
Өзге халық өсіп жатыр ер жетіп,  
Текке отырған, көздің жасын көлдетіп,  
Қашан кетер біздің елден балалық.*

### **Үміт**

*Жұмсаған, не қиынға салған үміт,  
Тіл алған, қайда болса барған үміт.  
Сөз байлап, қол алысып жөнелгенде,  
Шығармақ едің сүйреп жардан үміт.  
Артынан әуре қылып ертіп қанша,  
Бұл күнде сол уағдадан танған үміт.  
Жолдасы азық-түлік, қаруы жоқ,  
Астында әр табанның қалған үміт.  
Қарамай шамасына, таудай істі,  
Өзінің міндетіне алған үміт.  
Ақырда «Әлін білмес әлек» болып,  
Арыған, қалжыраған, талған үміт.  
Болды да жорғалармен жорғаласпақ,  
Ере алмай тәлтіректен шалған үміт.  
Батыр да, бай да болмақ ойымда еді,  
Олардың барлығы боп тұр жалған үміт.  
Іздесең дертке дәрмен, адаспасаң,  
Қалайша құр тастайды аллаң, үміт!*



*«Арбамен асықпаған қоян да алған»  
Жабықпа, жолыңда бол, тарлан үміт!*

### **Бірлік**

*Әуелі етіп білік басыңды қос,  
Соннан соң әр мұраттан қалмассың бос.  
Жеке дақ үнің шықпас, ісің бітпес,  
Жан қорқып, жалғыз құрай көрініп қос.  
Деген бар бұрыннан-ақ «көп қорқытар...»  
Болады тұрсаң тұтас дұшпан да дос.  
Алатауың ала болып тұрған күнде,  
Асыңның ауызыңдағы кетуін тос.  
Таласты алалықпен тастамасаң,  
Бір күні туған жерге айтарсың «қош».  
Бірлікпен илеу салған құмырысқа да  
Қазағым, ісің оңбас бірікпей қос.*

### **Уай, жаным**

*Уай, жаным, дүниеде сен аз күн онақ,  
Заман жоқ, көп тұруға, өмір шолақ.  
Жас өмір екі айналмас, мойын бұрмас,  
Жұмыс ет оқтай зырлап, қардай борап.  
Көп жүрген қара жолмен қадам бассаң,  
Кім саған зорлық етер талап-тонап.  
Отқа күй, оққа байлан, адалды тап,  
Киген тәж, мінген тағың болсын сол-ақ.  
Күнің бұл іс ететін орның осы,  
Мұнда бақ, мұнда дәклет, мұнда зор ат...  
Қорқасың, аяқ басып аттамайсың,  
Алғасын алды-артыңды жылан орап.  
Орынсыз орға түссең, көпен бірсің,  
Тіл алсаң, тек жатпауың деймін жол-ақ.*

### **Заман кімдікі?**

*Бұл заман байқағанға күштінікі,  
Азулы, тырнақты мен тістінікі.  
Дүниенің патшалығы, батырлығы -  
Тыпырлап тыныш жатпаған істінікі.  
Жуас қой ен жайылған - қасқырдікі,  
Құл еркі қожайыны - «тақсырдікі».  
Құр қалмақ, әр орнында қырсық шалмақ,  
Тартыншақ, жалқау қара басқырдікі.  
Даулы мал - ебін тапқан шешендікі,  
Пыш-пышқа бағы ашылған көсемдікі.  
Еті мол, қымызы мол, қалтасы тоқ,  
Мінеки мені-ақ кісі десеңдікі.  
Жаным - хақ, қара басым - патшанікі,  
Абырой, кісілігім - ақшанікі.*

Билігім, жазған малым, сөйлер сөзім,  
Ашулы, жұдырығы зор саспанікі.  
Жансыздық - іссіз қарап тұрғандікі,  
Құр тілек құдай әбден ұрғандікі.  
Күш-қуат жанталасып жинамасаң,  
Мал, басың бұрын үміт қылғандікі.

**Ой**

Қаза берсе түбі жоқ,  
Қазбағанда суы жоқ,  
Ой деген бір шыңырау.  
Талаптыға жеткізбей,  
Талапсызды өткізбей,  
Жындықылған, құрғыр-ау!  
Сені қуған кісі әуре,  
Қумағанның ісі әуре.

### **Қазақтарға қарап**

Қамалған қараңғыда, қалың қазақ,  
Қайратсыз, қамсыз құрып қалдың, қазақ.  
Қаруланып қуатсызды қуаттанды,  
Құрдан құр қампитқанша қарын, қазақ.  
Қулардың құлқынына құм құйылдың,  
Қайдағы құлдың қайғырт қамын, қазақ.  
Қайтеді қайырылыссақ қарындасқа,  
Қасармай, қаырайып қырын қарап,  
Құннан да, қадірден де қалдың құр қол -  
Құнт қылмай, қуып құлқың, құлды қанап.  
Қайғырып, қатып қабақ, қамықпай құр,  
Қимылда, құныңды қу, қадағалап.  
Қақпанға қапылыста қақтығарсың,  
Қадамда қиқаңдамай қадақ-қадақ!  
Қауым ең қорқақ қоян, қара қазан!  
Қиынның қисынар ма құдырт қалап?

### **Досқа**

Дос тұттым, болдым жақын, тіліңе ердім,  
Басқадан сырт түсінді артық көрдім.  
Көрініс, шырайында еш кіршік жоқ,  
өзің мен жүрегінді хаққа бердім.  
Мейлің суыққа үсір, суға түсір!  
әйтеуір, «сені құдай» дедім, сендім.  
Елтифат маған жан деп еткеніңе,  
Ішімнен мың қайтара алғыс бердім.  
Аяман қолдан келген қызметімді,  
Бізді хақ бола қалса жеткізер күн.  
Бір алла адалынан жолықтырғай!  
Жан болса езу тартқан дос дей бердім.  
Дос та дос, туған да дос, діндес те дос,  
Түбінде зарарсызды шын дос көрдім.